

Зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды және пайдаланылған ағын суды жер қойнауына көмудің мемлекеттік кадастрын жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 қазандағы N 1285 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы N 88 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.02.08 N 88 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.25. N 323 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заңын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: Z100291 қараңыз

Қоса беріліп отырған Зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды және пайдаланылған ағын суды жер қойнауына көмудің мемлекеттік кадастрын жүргізу ережесі бекітілсін.

Ескерту. Кіріспеге, мәтінге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.25. N 323 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 18 қазандағы

N 1285 қаулысымен

Бекітілген

Зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды және пайдаланылған ағын суды жер қойнауына көмудің мемлекеттік кадастрын жүргізу ЕРЕЖЕСІ

Ескерту. Тақырыбына, мәтінге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.25. N 323 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Ереже зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды және пайдаланылған ағын суды көмудің мемлекеттік кадастрын (бұдан әрі - мемлекеттік кадастр) жүргізудің тәртібін анықтайды және Қазақстан Республикасының аумағындағы барлық жер қойнауын пайдаланушыларға міндетті болып табылады.

2. Мемлекеттік кадастрды жүргізу жер қойнауларының мемлекеттік қорын есепке алу жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

3. Мемлекеттік кадастрды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган республикалық және аймақтық жер қойнауын және қоршаған ортаны қорғау, бағдарламаларын қамтамасыз ету мақсатында жүргізеді. Мемлекеттік кадастр жедел ақпарат алу, қоршаған ортаны қорғау саласында шешімдер қабылдау, жеке ұйымдар, аймақтар және жалпы Қазақстан Республикасы бойынша зиянды заттар радиоактивті қалдықтар және пайдаланылған ағын су көмілген жерлердің жай-күйіне жоспарлы бақылау жүргізу үшін негізгі құжат ретінде қызмет етеді.

Мемлекеттік кадастрдың мәліметтері жер қойнауы туралы біртұтас сандық ақпарат жүйесіне (мәліметтер банкіне) енгізіледі және жер қойнауы мемлекеттік мониторингінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.04.25. N 323 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Мемлекеттік кадастрдың есепке алуына зиянды заттарды радиоактивті қалдықтарды көму объектілері мен пайдаланылған ағын су жер қойнауына сіңірілетін жерлер жатады.

5. Зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды және пайдаланылған ағын суды жер қойнауына көмудің мемлекеттік кадастры көмілген заттар мен ағызылған сулардың сандық және сапалық көрсеткіштерін, көму мен ағызудың тау-кен-техникалық, арнайы инженерлік-геологиялық, гидрогеологиялық және экологиялық жағдайларын көрсете отырып, олардың типі мен түрін сипаттайтын мәліметтерді және мыналарды қамтиды:

1) зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көметін объектілердің және ағын суды көметін орындардың жалпы сипаттамасын: орналасқан жерін, пайдалану кезеңін, ұстауға жұмсалатын шығындарды, қоршаған орта және жер қойнауы мониторингінің қадағалау желісінің болуын және орналасуын;

2) зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды көметін объектілердің және ағын суды көметін орындардың физикалық сипаттамасын:

оқшаулау сипаттамасын, тау жыныстарының типін, жатқан тереңдігін және коллекторлы қабаттың тиімді қуатын, оның алаңын, ұсақ тесіктілік коэффициентін, төсеніш және жабылғыш сутіректің сипаттамасын, жер асты суларының табиғи ағынының жылдамдығын, көмуді сақтауды және басқа сапалық және сандық көрсеткіштерін;

3) зиянды заттардың, радиоактивті қалдықтардың, ағын судың сипаттамасын: өнімнің атауын, технологиялық өндіріс немесе нәтижесінде өнім пайда болатын процесс, физикалық сипаттамасын (толық химиялық құрамы, улы құрауыштарды сақтау, өрт-жарылыс қауіптілігі, ерігіштігі, сақтауда басқа заттармен үйлесімділігі, негізгі ластаушы радионуклидтер, олардың белсенділігі және басқа сипаттамалар), тасымалдау жүйесінің сипаттамасын.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.04.25. N 323 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Мемлекеттік кадастр зиянды заттар, радиоактивті қалдықтар және пайдаланылған ағын сулар үшін Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі әзірлеп, бекітетін жеке-жеке нұсқаулық талаптарға сәйкес жүргізіледі.

7. Осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген мәліметтер жыл сайын (есеп жылынан кейінгі жылдың бірінші тоқсаны ішінде) 1-қаңтарға қарасты жағдай бойынша екі данада қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға зиянды заттар, радиоактивті қалдықтар және пайдаланылған ағын су пайда болатын ұйымдардан және зиянды заттарды, радиоактивті қалдықтарды және пайдаланылған ағын суды көму объектілерінен келіп түседі. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органда ұйымдардан келіп түскен мәліметтер негізінде әкімшілік облыстар және жалпы Қазақстан Республикасы бойынша жиынтық мемлекеттік кадастрлар жасалынады.

8. Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мемлекеттік кадастрдың дұрыс толтырылуына жауап береді және:

ұйымдардан мәліметтердің уақтылы келіп түсуіне бақылауды;
мемлекеттік кадастр материалдарын жинауды, есепке алуды, жүйелеуді және сақтауды;

есептеу техникасын пайдалану арқылы және жер қойнауын пайдаланушыларға анықтама-ақпараттық қызмет көрсету негізінде мемлекеттік кадастрдың мәліметтерін өңдеудің автоматтық жүйесін құруды және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ